

**ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЕСЕБІ**

Әлеуметтік педагогтың жылдық қорытынды есебі

2023-2024 оқу жылының тамыз айында аудандық білім бөлімінің хаты негізінде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып аз қамтылған отбасынан шыққан оқушыларға материалдық көмектер көрсетілді. Атап айтар болсақ акцияға Жыланбұзған ауылы мешітінің имамы және ауылдың белсенді азаматтары демеушілік жасады. Нәтижесінде 13.08.2024 ж күні Жыланбұзған ауылының мешітінде «Жомарт жандар» қайырымдылық қоры есебінен 18 оқушыға мектеп сөмкесі мен оқу құралдары берілді. 23.08.2024 ж күні мектебімізде ауыл биі А.Досметов, ардагерлер кеңесінің төрағасы, ауыл ақсақалы Р.Байметов, аудандық күрді этноорталық төрағасы С.Якубов, ауыл белсенді азаматы Қ.Пирназаров, Р.Абдуллаев қатысуымен ауыл биі мектебіміздің 50 оқушысына мектеп сөмкесі мен мектепке қажетті оқу құралдарын сыйға тартты.

26.08.2024 ж күні аудандық Кәсіподақ төрағасының атынан мектебіздегі көп балалы мұғалімнің баласына мектеп сөмкесі мен оқу құралдарын сыйға тартты. «Жалпыға міндетті білім беру қоры» есебінен АӘК алатын, әкесінің немесе анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған және көп балалы тұрмыс жағдайы төмен отбасынан шыққан оқушылаға «Жалпыға бірдей міндетті білім қоры есебінен «Мектепке жол» акциясында әр оқушыға 43407 теңге көлемінде қаржылай көмек көрсетілді. Аталған қаржы ата-аналардың есеп шоттарына аударылды. Түскен ақшаның есебі мен дәлелді құжаттары жинақталды, көшірмелері АББ-на өткізілді.





Қыркүйек айы негізінен ұйымдастыру айы болғандықтан, сынып жетекшілеріне арнайы үлгідегі «Сыныптың әлеуметтік құжаты», «Жаңадан келген оқушыны зерттеу» картасы таратылып беріліп, сол жұмыстардың нәтижесінде мектептің әлеуметтік куәлігі жасалды. Мектебімізде оқу жылының басында 479 оқушы, оның ішінде 181 оқушы көп балалы жанұядан шыққан оқушылар, 18 оқушы толық емес және сәтсіз отбасынан шыққан, 16 оқушы асыраушысынан айырылған немесе анасының қамқорлығынсыз қалған отбасынан шыққан, үйде оқытылатын мүгедек 6 оқушы, ал мектеп ішілік қиын тәрбиеленуші ретінде тіркеуде тұрған оқушы жоқ. Мектептегі аз қамтылған отбасынан шыққан және көп балалы жанұядан шыққан оқушыларға мектеп тәрпынан және бюджеттен көрсетілген барлық тегін көмектің түрлері беріледі. Бір уақыт берілетін тегін ыстық тамақ, киім және оқу құралдарымен және толықтай оқулықпен қамтамасыз етіледі.

Айлық жоспарға мектебіміздегі 2024-2025 оқу жылында үйде оқитын 6 оқушының ата-аналарынан сауалнама алынды. Сауалнама алу мақсаты: үйде оқытылатын оқушылардың ата-анасы мектептің оқыту бағдарламасы қанағаттандырады ма? Сауалнама қорытындысы: Үйде оқытылатын оқушылардың ата-аналары мектептің оқу бағдарламасымен қанағаттанады, мұғалімдер өз уақытында сабаққа барады, оқулықпен мектеп толық қамтамасыз етті. Оқушылардың оқу бағдарламасын қабылдауы жақсы. Оқушылардың ерекше қабілеттері әр түрлі. Үйде оқытылатын оқушылардың сынып ұжымымен қарым-қатынасы жақсы.



2024-2025 оқу жылының қыркүйек айындағы №61, №62 бұйрықтары негізінде мектепте ыстық тамақпен 1-4 сыныптар бойынша 202 оқушы және ҚР Үкіметінің 2008 жылығы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан 17 оқушы бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтылған. Нормативтік құжаттардың жүргізілуі, оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы, қоңырау кезінде оқушылардың асханада тамақ ішу кестесі және мектеп мұғалімдерінен кезекшілік құрылған, күнделікті мектептің әлеуметтік педагогі қадағалауда.



Тамақтану блогының санитарлық-техникалық жағдайы санитарлық талаптарды қанағаттандырады. Күн сайын ғимарат жиналып, сенбі күндері санитарлық күн болады. Тағамдарды сақтау да санитарлық нормаларға сәйкес жүзеге асырылады. Қауіпсіздік техникасы ережелері сақталады, жұмыскерлермен тұрақты түрде ҚТ бойынша нұскамалар жүргізіледі. Біздің асханада тағамдарды дұрыс сақтауға баса назар аударылады. Мектепте әр түрлі тағам өнімдерін дұрыс сақтауға арналған тоңазытқыш камералар бар, мұнда әр тағам түрі жеке сақталады. Олардың бар болуы тағам өнімдерінің сапасын тікелей дайындағанға дейін сақтауға жағдай жасайды. Тамақтану блогы жұмыскерлерінің арнайы жұмыс киімдерін киюі міндетті болып табылады. Бұл қажетті санитарлық гигиеналық нормаларды сақтауға мүмкіндік береді. Осы орайда жоғарғы сынып оқушылары арасында «Дұрыс тамақтану» тақырыбында тәрбие сағат өткізілді. Мақсаты: оқушылардың жақсы денсаулығының, жан - жақты дамуының кепілдігі - тиімді және үйлесімді тамақтану болып саналатынын, «Салауатты өмір салтының» анықтамасын ата – аналармен, мектеп дәрігерімен, аспазшылармен бірлесе отырып тұжырымдау; Адамзат денсаулығын сақтаудың басты шарты - дұрыс тамақтану. Сондықтан тамақтануға ерекше көңіл бөлген жөн. Тамақтың құрамының құндылығы басты назарда болғаны дұрыс. Тиімді, дұрыс тамақтану денсаулықты сақтауға, организмнің қалыпты өсуі мен дамуына, жұмыс қабілетінің жоғарылауына және организмнің қоршаған ортаның әртүрлі жағымсыз әсеріне қарсылығын күшейтуге ықпалын тигізеді. Әсіресе, «Ұрпақ денсаулығы – ұлттың саулығы»- демекші, дені сау ұрпақ қалыптастыру үшін – оны назардан тыс қалмауы тиіс.



Жаңа жыл – әлемдегі қуанышқа толы ең ғажайып мерекелердің бірі. Жаңа жыл сиқырлы, әрі қайталанбас таңғажайып мереке. Бәріміз келе жатқан жаңа жылдан жарқын ертегі, жаңа бақыт күтеміз. Жаңа жылда әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың көңіл күйін көтеру мақсатында демеушілер тарапынан түрлі қамқорлық акциялары ұйымдастырылады. Осы орайда Жыланбұзған ауылының белсенді азаматы 3.Пирназаровтың демеушілігімен денсаулығына байланысты үйде оқитын 6 оқушыға Жаңа жылдық сыйлықтар тарту еттік. Атап айтсақ 9 «Б» сынып оқушысы Абдурахманов Махмад, 5 «А» сынып оқушысы Кадиров Шоин, 4 «Б» сынып оқушысы Джолчиев Сүндет, 4 «Б» сынып оқушысы Абдуллаев Полат, 3 «Ә» сынып оқушысы Заманбек Әсима, 2 «Б» сынып оқушысы Аташев Азис.






Сонымен қатар әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың жаңа жылда көңіл күйін көтеру мақсатында мектеп мұғалімдерінің демеушілігімен асыраушысына айырылған немесе анасының қамқорлығынсыз қалған,көп балалы тұрмыс жағдайы төмен,аз қамтамасыз етілген және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушыларға Жаңа жылдық сыйлықтар тарту еттік.



Жаңа жылда әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың көңіл күйін көтеру мақсатында демеушілер тарапынан түрлі қамқорлық акциялары ұйымдастырылады. Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің атынан өтетін «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты шыршасына «Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ директорының 18.12.2024 жылғы №165 бұйрығымен асыраушысынан айырылған отбасынан шыққан 6 сынып оқушысы Заиров Азимжан Захиджанович қатыстырылды. Іс-шара Түркістан қаласында өтті, іс-шара барысында түрлі концерттік бағдарламалар көрсетілді,

ойындар ойнатылып артынша фуршет стол жасалды. Сонымен бірге іс-шара соңында оқушыларға сыйлықтар таратылды. Оқушылар үйлеріне керемет көңіл-күйде қайтты. Осы орайда аудан әкімі мен аудандық білім бөлімінің тарапынан ұйымдастырылған Жаңа жылдық шыршаға «Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ директорының 20.12.2024 жылғы №166 бұйрығымен денсаулығына байланысты үйде оқитын 4-сынып оқушысы Джолчиев Сүндет пен 3-сынып оқушысы Заманбек Әсіма қатыстырылды. Іс-шара барысында түрлі концерттік бағдарламалар көрсетілді, ойындар ойнатылып артынша фуршет стол жасалды. Сонымен бірге іс-шара соңында оқушыларға сыйлықтар таратылды. Оқушылар үйлеріне керемет көңіл-күйде қайтты.



2025 жылдың сәуір айының 1-нен бастап «Жалпыға міндетті білім беру қоры» есебінен бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылардың тамақтануын қадағалау мақсатында мектеп асханасына аранйы АПК құрылғысы орнатылып жұмыс жасады. Тамақтанатын оқушылар күнделікті арнайы карта бойынша белгіленіп отырды. Нәтижесінде ай соңында тамақтану табелы шығарылып, АББ-не өткізілді.

Ата-аналардан түскен өтініштер негізінде әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың жазғы демалыс уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында тегін қала сыртындағы сауықтыру лагерьлеріне жіберу жұмыстары жүргізілуде.

1-маусым Балаларды қорғау күні мерекесіне қарсы мектеп жанындағы лагерьге қатысушы бастауыш сынып оқушыларына мерекелік көңіл күй сыйлау мақсатында демеушілер тарапынан ойын батуттары қойылып, балмұздақтар тарқатылды.

Әлеуметтік педагогтың 2025-2026 оқу жылына қойылған мақсат міндеттер

Әр балаға қолайлы жағдай тудыру, әр түрлі әлеуметтік категориядағы отбасы балалармен жұмыс жасау, әлеуметтік көмекті ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес мәселені шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

- Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларының тізімін жасау;
- Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларын тегін оқулықпен қамтамасыз ету;
- Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларын бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында оқушылардың құжаттарын рәсімдеу;
- Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан материалдық көмек берілетін оқушылардың тізімін талдау және бекіту;
- Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі және облыстық білім басқармасымен "Мектепке жол" акциясын басшылыққа ала отырып, мекеме басшыларымен, кәсіпкерлермен бірігіп қамқорлық акциясын ұйымдастыру;
- ЖББ есебінен жазғы демалыс орталықтарына, жағдайы төмен отбасы балаларының тартылуын қадағалау;

Орындаған әлеуметтік педагог:



А.Мелдебек